

Тұқым шаруашылығы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 30 қарашадағы № 485 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 30 қарашадағы № 93 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 6 желтоқсанда № 17871 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 5 және 6-тармақтарына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 01.02.2023 № 46 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 02.02.2023 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес тұқым шаруашылығы саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) мыналарға:

осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бірегей тұқым өндірушілерге;
осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына;

осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес тұқым өсіру шаруашылықтарына;
осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес тұқым өткізушілерге;

осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес тұқым сапасын сараптау зертханаларына;

осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес тұқым тұтынушыларға (тұқымдарды өткізу құқығынсыз үй жанындағы, бау-бақ, саяжай және бақша учаскелерінде пайдалану үшін тұқым өндірумен шұғылданатан жеке тұлғаларды қоспағанда);

осы бірлескен бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттық егістерін байқаудан өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін жеке тұлғаларға;

осы бірлескен бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес тұқымдардың сорттық және егіс сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін жеке тұлғаларға арналған тұқым шаруашылығы саласындағы тексеру парақтары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.06.2023 № 241 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.06.2023 № 121 (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. "Тұқым шаруашылығы саласындағы тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 15-05/1137 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 822 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12750 болып тіркелген, 2016 жылғы 20 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі _____ Ө. Шөкеев	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі _____ Т. Сүлейменов
---	---

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасы
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу жөніндегі
комитеті

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 30 қарашадағы
№ 485 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 30 қарашадағы
№ 93 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Тұқым шаруашылығы саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.06.2023 № 241 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.06.2023 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы тұқым шаруашылығы саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 141-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) бекітілген Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларына және "Тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) сәйкес, тұқым шаруашылығы саласындағы бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелеріне жатқызу үшін және жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне жүргізілетін тексерулер (бұдан әрі – жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне тексеру) және бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізу кезінде бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау субъектілері (объектілері) – бірегей тұқым өндірушілер, элиталық-тұқым өсіру шаруашылықтары, тұқым өсіру шаруашылықтары, тұқым сапасын сараптау жөніндегі зертханалар, тұқымдарды тұтынушылар (тұқымдарды сату құқығынсыз үй жанындағы, бау-бақ, саяжай және бақша учаскелерінде пайдалану үшін

тұқым өндірумен шұғылданатын жеке адамдарды қоспағанда), тұқым өткізушілер, ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттық егістерін апробациялау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар, тұқымдардың сорттық және егістік сапаларын сараптау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар;

2) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

3) болмашы бұзушылық – тұқым шаруашылығы саласындағы құжаттаманы дұрыс жүргізбеу бөлігінде тұқым шаруашылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарды бұзу;

4) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шәкілдерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шәкілге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

5) елеулі бұзушылық – егістіктің, игерілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің, сорттық агротехниканың, білікті мамандарының, бастапқы тұқымдық материалының болуы, тұқым шаруашылығы бойынша есепке алу материалдарының сақталуын қамтамасыз ету, егістерді (отырғызылған екпелерді), аумақтарды, тұқым тазалағыш машиналар мен механизмдерді, қоймаларды карантиндік объектілердің анықталуы және олармен күресу жөніндегі іс-шаралардың жүргізілуіне жүйелі түрде зерттеп-қарау жүргізу, орташа сынамаларды сақтау, тұқымның сапасы туралы құжаттарды ресімдеу, Қазақстан Республикасының тұқым шаруашылығы туралы заңнамасының талаптарына сұрыптық және егу сапасы бойынша сәйкес келетін тұқымдарды егу үшін пайдалану, лицензиялық шарттың болуы, сондай-ақ есептілік ұсынудың мерзімдері мен толықтығын сақтау жөніндегі тұқым шаруашылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарды бұзу;

6) өрескел бұзушылық – Қазақстан Республикасының тұқым шаруашылығы саласындағы заңнамасында белгіленген, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 402-бабында көзделген әкімшілік жауапкершілікке әкеліп соқтыратын талаптарды бұзу, материалдық-техникалық жарақтандыру, байқаудан өткізу, сынамаларды іріктеп алу, тұқым сапасына сараптама жүргізген кезде тұқым шаруашылығы саласындағы стандарттарды сақтау жөніндегі талаптарды сақтамау, шағымдар мен арыздардың болуы, гендік инженерия (генетикалық түрлендірілген) негізінде алынған ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын себу (отырғызу) үшін пайдалану, карантиндік объектілермен залалданған ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын себу (отырғызу) үшін пайдалану, субсидияланған тұқымдарды мақсатсыз пайдалану;

7) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

8) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін

шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) жіберілген хабарламалар жөніндегі талаптар сәйкестігін тексерулерді кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және (немесе) осындай бақылау субъектісін (объектісін) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) жіберілген хабарламалар жөніндегі талаптар сәйкестігін тексеруден босату процесі;

9) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – тұқым шаруашылығы саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

10) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

11) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

12) тексеру парағы – бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптар тізбесі;

13) іріктеме жиынтық (іріктеме) – Кодекстің 143-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік бақылау нақты саласында бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын бағаланатын субъектілердің (объектілердің) тізбесі.

2-тарау. Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу кезінде тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру тәртібі

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды және (немесе) жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне тексеруді жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін бақылау субъектілерін (объектілерін) жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне тексеру және

профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары бірнеше кезеңмен жүзеге асырылатын объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау (шешімдерді мультиөлшемшартты талдау) арқылы қалыптастырылады.

Бірінші кезеңде объективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері (объектілері) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызылады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Тәуекелдің жоғары және орташа дәрежелеріне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне тексеру бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

4. Екінші кезеңде субъективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері (объектілері) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі (объектісі) мыналарға:

1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің жоғары дәрежесіне;

2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ті қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің орташа дәрежесіне;

3) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ты қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылады.

5. Ықтимал тәуекел мен проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтың біржолғы немесе жүйелі сипатына, әрбір ақпарат көзі бойынша бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптар өрескел, елеулі және болмашы бұзушылық дәрежелеріне сәйкес келеді.

Тұқым шаруашылығы саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі осы Өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес айқындалады.

6. Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

1-параграф. Объективті өлшемшарттар

7. Объективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілерінің (объектілерінің) тәуекелдің жоғары дәрежесіне бірегей тұқым өндірушілер, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтары, тұқым өсіру шаруашылықтары және тұқымның сапасын сараптау жөніндегі зертханалар жатады.

8. Объективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілерінің (объектілерінің) тәуекелдің орташа дәрежесіне тұқымдарды тұтынушылар (тұқымдарды өткізу құқығынсыз үй жанындағы, бау-бақ, саяжай және бақша учаскелерінде пайдалану үшін тұқым өндірумен шұғылданатан жеке тұлғаларды қоспағанда), ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттық егістерін байқаудан өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар және тұқымдардың сорттық және егістік сапаларын сараптау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар жатады.

9. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі төмен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) тұқым өткізушілер жатады.

2-параграф. Субъективті өлшемшарттар

10. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

- 1) дерекқорды қалыптастыру және ақпарат жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

11. Дерекқорларды қалыптастыру және ақпараттарды жинау бақылау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін қажет.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін бағалау үшін бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізу үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

- 1) алдыңғы тексерулердің және бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып жүргізілген профилактикалық бақылаудың нәтижелері;
- 2) бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін бағалау үшін жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты алдыңғы тексерулердің нәтижелері пайдаланылады.

12. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде талдауға және бағалауға жататын субъективті өлшемшарттар бойынша деректер қалыптастырылады.

Субъективті өлшемшарттарды талдау және бағалау ең жоғары әлеуетті тәуекелі бар бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізуді және профилактикалық бақылауды шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте талдау және бағалау кезінде нақты бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 178-бабының 1-тармағына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Алдыңғы бара отырып жүргізілген профилактикалық бақылаудың және (немесе) жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне тексерудің қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне графиктер мен тізімдерді қалыптастыру кезінде оларды енгізуге жол берілмейді.

13. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын және осы Өлшемшарттардың 3-тарауында айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес субъективті өлшемшарттар көрсеткішінің маңыздылығын негізге ала отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығы және субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығы осы Өлшемшарттарға 2-қосымшаға сәйкес тұқым шаруашылығы саласындағы субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесіне сәйкес белгіленеді.

3-параграф. Тәуекелдерді басқару

14. Адал бақылау субъектілерін көтермелеу және бұзушыларға бақылауды шоғырландыру қағидатын іске асыру мақсатында бақылау субъектілері (объектілері) субъективті өлшемшарттарды қолдану арқылы осы Өлшемшарттардың 22 және 23-тармақтарында айқындалатын кезеңге бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау және (немесе) жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігін тексеруден босатылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

15-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 12.05.2026 № 187 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 15.05.2026 № 50 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

15. Тұқым шаруашылығы саласында Қазақстан Республикасының заңдарында және осы Өлшемшарттарда бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылаудан немесе жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізуден босату жағдайлары айқындалған жағдайда, субъективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері (объектілері) ақпараттық жүйені қолдана отырып, жоғары тәуекел дәрежесінен орташа тәуекел дәрежесіне немесе орташа тәуекел дәрежесінен төмен тәуекел дәрежесіне ауыстырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

16-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а.

12.05.2026 № 187 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 15.05.2026 № 50 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

16. Тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу графиктерін немесе тізімдерін қалыптастыратын ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқаудың қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде оларға қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүзеге асырылатын бақылау субъектілері (объектілері) санының ең аз жол берілетін шегі және (немесе) жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру тұқым шаруашылығы саласындағы осындай бақылау субъектілерінің жалпы санының бес пайызынан аспауы тиіс.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібі

17. Осы Өлшемшарттардың 3 және 4-тармақтарына сәйкес бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесі көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Мемлекеттік орган осы Өлшемшарттардың 11-тармағына сәйкес көздерден субъективті өлшемшарттар бойынша ақпарат жинайды және дерекқор қалыптастырады

18. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау (SP) субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып жүргізілген профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша субъективті өлшемшарттарға сәйкес бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (SC) қорытындылау жолымен, деректер мәндерін 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

$$R_{\text{арал}} = SP + SC,$$

мұнда:

$R_{\text{арал}}$ – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – осы Өлшемшарттардың 13-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есептеу тұқым шаруашылығы саласындағы әрбір саланың бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының әрбір бақылау субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылаудың бір саласының бақылау субъектілерінің

(объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын (іріктемені) құрайды.

19. Алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып жүргізілген профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі балмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Осы Өлшемшарттардың 11-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне 100 балл тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне тексеру немесе бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7,$$

мұнда:

SP_6 – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_1 – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$SP_6 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3,$$

мұнда:

SP_6 – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_1 – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мынадай формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_6,$$

мұнда:

$R_{арал}$ – осы Өлшемшарттардың 18-тармағына сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

4-тарау. Қорытынды ережелер

22. Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізудің жиілігі жылына бір реттен жиі емес айқындалады.

Тәуекелдің орташа дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізудің жиілігі жылына екі реттен жиі емес айқындалады.

Тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізудің жиілігі жылына үш реттен жиі емес айқындалады.

23. Бақылау субъектісіне бара отырып профилактикалық бақылау жүргізудің мерзімділігі субъективті өлшемшарттар бойынша алынатын мәліметтерге жүргізілетін талдау мен бағалаудың нәтижелері жылына екі реттен жиі емес айқындалады.

24. Жіберілген хабарламалар бойынша қойылатын талаптарға сәйкестігіне тексеру Кодекстің 144-бабының 2-тармағына сәйкес реттеуші мемлекеттік орган бекітетін жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру кестесінің негізінде жүзеге асырылады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау Кодекстің 144-2-баптың 4-тармағына сәйкес қалыптастырылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылаудың жартыжылдық тізімдері негізінде жүзеге асырылады.

Тұқым шаруашылығы
саласындағы тәуекелдер
дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
1-қосымша

Тұқым шаруашылығы саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 03.11.2023 № 377 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 03.11.2023 № 174 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

№	Өлшемшарттардың атауы	Бұзу дәрежесі
Бірегей тұқымдарды өндірушілер		
	Тиісті жылдың егініне арналған ауыл шаруашылығы дақылдары	

1.	егіс аландарының болжамдық құрылымы туралы мәліметтердің ұсынылуы	елеулі
2.	Тиісті жылдың егініне арналған ауыл шаруашылығы дақылдарының себілген тұқымдарының саны және сапасы туралы мәліметтердің ұсынылуы	елеулі
3.	Тиісті жылы егу үшін күздік, жаздық дәнді, дәндібұршақты, майлы, техникалық дақылдардың, біржылдық және көпжылдық шөптердің және картоптың тұқымдарына деген ауыл шаруашылығы құралымдарының қажеттілігі және олармен қамтамасыз етілуі туралы мәліметтердің ұсынылуы	елеулі
4.	Тиісті жылдың егініне құйылған ауыл шаруашылығы дақылдары тұқымдарының сұрыптық құрамы туралы мәліметтердің ұсынылуы	елеулі
5.	Тиісті жылдың егініне құйылған ауыл шаруашылығы дақылдары тұқымдарының репродукциялық құрамы туралы мәліметтердің ұсынылуы	елеулі
6.	Тұқымдарды өңдеу және сақтау ж ө н і н д е г і материалдық-техникалық базаның бар-жоғы туралы мәліметтердің ұсынылуы	елеулі
7.	Тұқым өндірушілердің өткен жылғы егін тұқымдарын өндіруі және күтілетін өткізуі туралы мәліметтерді ұсынуы	елеулі
8.	Аттестатталған тұқым шаруашылығы субъектілерінің өткен жылғы егін тұқымдарын пайдалануы туралы мәліметтерді ұсынуы	елеулі
9.	Ағымдағы жылы ауыл шаруашылығы дақылдарының сұрыптық егістерін байқаудан өткізу туралы мәліметтердің ұсынылуы	елеулі
10.	Бірегей тұқым өндірісін жүргізу үшін егістік алаңының (суармалы жерлерде – сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістіктің) болуы	елеулі

11.	Бірегей тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақтық-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес салынған және кемінде бір ротациядан өткен, игерілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің (жеміс, жидек дақылдарының, жаңғақ жемісті дақылдардың мен жүзім көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды) болуы	елеулі
12.	Жалпы егіс алаңының кемінде 25 пайызы тұқым шаруашылығы егістерінің болуы (жеміс, жидек дақылдарының, жаңғақ жемісті дақылдардың және жүзімнің көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды)	болмашы
13.	Өндірілген бірегей тұқымдардың саны мен сапасын есепке алу құжаттарының болуымен растау жолымен бірегей тұқым өндіру (бастапқы тұқым шаруашылығы) бойынша кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесінің болуы (жаңғақ жемісті дақылдардың көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды)	болмашы
14.	Нақты топырақтық-климаттық аймаққа арналған ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес сорттық агротехниканың болуы	елеулі
15.	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған бірегей тұқым өндірушінің аумағында карантиндік объектілердің болмауы, бұл ретте карантиндік объектілер бірегей тұқым өндірушінің аумағында аттестаттау сәтіне дейін кемінде үш жыл кезеңінде де болмауы тиіс	елеулі
	Бес жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар кемінде дақыл жөніндегі бір	

16.	маман-селекционердің болуы немесе ауыл шаруашылығы өсімдіктері селекциясы саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғамен бірегей тұқымдар өндірісі бойынша бірлескен жұмысты жүзеге асыруға арналған шарттың болуы	елеулі
17.	Әр дақыл бойынша кемінде бір агрономның және маманның, сондай-ақ дақыл мен сорттың тұқым шаруашылығы бойынша жұмысының айрықша әдістерін меңгерген кемінде үш техникалық персоналдың болуы	елеулі
18.	Бірегей тұқым өндірудің дақыл мен сорттың биологиялық белгілері мен қасиеттерін ескеретін схемаларға қатаң сәйкестікте қамтамасыз ету	елеулі
19.	Кейіннен элиталық тұқым өндіруді қамтамасыз ету мақсатында бірегей тұқымның жоспарланатын мөлшерін өндіруге қажетті түр-түрде және көлемде сорттың бастапқы тұқымдық материалының (жеміс, жидек дақылдарының, жаңғақ жемісті дақылдардың және жүзімнің көшетін өндірушілер үшін аналық екпе ағаштардың) болуы	елеулі
20.	Бастапқы буындардың негізін қалау үшін 100 пайыз; суперэлита үшін 50 пайыз қажеттілікте тұқымдардың сақтандыру қорларының болуы (жеміс-жидек дақылдарының, жаңғақ жемісті дақылдардың мен жүзім көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды)	өрескел
21.	Бірегей тұқымдар өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдіктері түрлерінің бірегей тұқымдарын өндіру жөніндегі жұмыстардың бүкіл кешенін қамтамасыз ету үшін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған	өрескел

	селекциялық және тұқым шаруашылығы техникасының болуы	
22.	Тұқымдар партияларының араласуына жол бермей оларды орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырымдардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, қатты жабыны бар жабық алаңдардың, жеміс, жидек дақылдарына, жаңғақ жемісті дақылдарға және жүзімге арналған көму алаңдарының болуы	өрескел
23.	Бірегей тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сұрыбы бойынша өндірілген, өткізілген және өз шаруашылығында пайдаланылған бірегей тұқымның саны мен сапасын, шыққан тегін есепке алуды жүргізу (себу, жарамсыз деп тану, сұрыптық, түрлік және фитопатологиялық отау (тазалау), егістерді қабылдау және (немесе) байқаудан өткізу, бірегей тұқымдарды жинау, кіріске алу, тазалау және өңдеу, өткізу актілері, тұқымдарды есепке алу журналы (ол нөмірленуі, тігілуі және оған тиісті жергілікті атқарушы органның тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы қол қоюы тиіс), тұқымдардың кондициялығы туралы куәліктер, тұқымдарға арналған аттестаттар)	өрескел
24.	Сұрыпты шығару әдісін, ата-аналық нысандар, сорттық белгілерінің ерекше сипаттамалары туралы мәліметтерді көрсететін сұрып жөніндегі құжаттаманы жүргізу	елеулі

25.	Тұқым шаруашылығы жөніндегі есепке алу материалдарының кемінде бес жыл сақталуын қамтамасыз ету	елеулі
Элиталық тұқым өсіру шаруашылықтары		
26.	Тиісті жылдың егініне арналған ауыл шаруашылығы дақылдары егіс алаңдарының болжамдық құрылымы туралы мәліметтердің ұсынылуы	елеулі
27.	Тиісті жылдың егініне арналған ауыл шаруашылығы дақылдарының себілген тұқымдарының саны және сапасы туралы мәліметтердің ұсынылуы	елеулі
28.	Тиісті жылы егу үшін күздік, жаздық дөңді, дөңдібұршақты, майлы, техникалық дақылдардың, біржылдық және көпжылдық шөптердің және картоптың тұқымдарына деген ауыл шаруашылығы құралымдарының қажеттілігі және олармен қамтамасыз етілуі туралы мәліметтердің ұсынылуы	елеулі
29.	Тиісті жылдың егініне құйылған ауыл шаруашылығы дақылдары тұқымдарының сұрыптық құрамы туралы мәліметтердің ұсынылуы	елеулі
30.	Тиісті жылдың егініне құйылған ауыл шаруашылығы дақылдары тұқымдарының репродукциялық құрамы туралы мәліметтердің ұсынылуы	елеулі
31.	Тұқымдарды өңдеу және сақтау ж ө н і н д е г і материалдық-техникалық базаның бар-жоғы туралы мәліметтердің ұсынылуы	елеулі
32.	Тұқым өндірушілердің өткен жылғы егін тұқымдарын өндіруі және күтілетін өткізуі туралы мәліметтерді ұсынуы	елеулі
33.	Аттестатталған тұқым шаруашылығы субъектілерінің өткен жылғы егін тұқымдарын пайдалануы туралы мәліметтерді ұсынуы	елеулі
34.	Ағымдағы жылы ауыл шаруашылығы дақылдарының сұрыптық егістерін байқаудан	елеулі

	өткізу туралы мәліметтердің ұсынылуы	
35.	Элиталық тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақтық-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес салынған және кемінде бір ротациядан өткен, игерілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің (жеміс-жидек дақылдарының, жаңғақ жемісті дақылдардың мен жүзім көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды) болуы	елеулі
36.	Нақты топырақтық-климаттық аймаққа арналған ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес сұрыптық агротехниканың болуы	елеулі
37.	Жалпы егіс алаңының кемінде 20 пайызы тұқым шаруашылығы егістерінің болуы (жеміс-жидек дақылдарының, жаңғақ жемісті дақылдардың және жүзімнің көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды)	болмашы
38.	Соңғы үш жылдағы түсімділік (картоп және күнбағыс, жеміс-жидек дақылдарының, жаңғақ жемісті дақылдардың және жүзімнің көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды) – орташа облыстық деңгейден жоғары	елеулі
39.	Өндірілген элиталық тұқымдардың саны мен сапасын есепке алу құжаттарының болуымен растау жолымен тұқым шаруашылығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы (жаңғақ жемісті дақылдардың көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды)	болмашы
40.	Жалпы өндіріс көлеміндегі қызметтің негізгі түрінің (элиталық тұқым шаруашылығы) үлес салмағын қамтамасыз ету 25 пайыздан кем болмауы (болмашы

	жеміс-жидек дақылдарының, жаңғақ жемісті дақылдардың және жүзімнің көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды)	
41.	Тұқым шаруашылығы жүргізілетін өңдеп-өсірілетін дақылдардың саны (жеміс-жидек дақылдары мен жүзім көшеттерін өндірушілерге, сондай-ақ бір мезгілде бірегей тұқым өндірушілер болып табылатын элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына қолданылмайды) 5-тен көп емес	елеулі
42.	Аттестаттау нысанасына сәйкес тұқым шаруашылығы жүргізілетін әр дақыл бойынша сорттардың саны 5-тен көп емес (жүгеріні қоспағанда), жүгері бойынша 9-дан көп емес (жеміс-жидек дақылдары мен жүзім көшеттерін өндірушілерге, сондай-ақ бір мезгілде бірегей тұқым өндірушілер болып табылатын элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына қолданылмайды)	елеулі
43.	Суперэлитаны отырғызу үшін 50 пайыз қажеттілікте тұқымдарды сақтандыру қорларының болуы (жеміс-жидек дақылдарының, жаңғақ жемісті дақылдардың мен жүзім көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды)	өрескел
44.	Дақылдар мен сорттар бойынша сұрып жаңарту жоспарының болуы	елеулі
45.	Сұрыптардың тұқымдарын өсіру жөніндегі схемалардың болуы (жаңғақ жемісті дақылдардың көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды)	елеулі
46.	Тұқым материалын өсіру жұмыстарының барлық түрлері мен оның сапалық көрсеткіштері көрсетілетін құжаттаманы есепке алуды және жүргізуді ұйымдастыру	өрескел
47.	Элиталық тұқымның жоспарланған мөлшерін өндіру үшін ассортиментте және көлемде сұрыптардың бастапқы тұқымдық	елеулі

	материалының (бірегей тұқымдардың) болуы	
48.	Аттестаттауға өтініш берілген кезден бастап бірегей тұқым өндірушімен кемінде үш жыл мерзімге және (немесе) тұқым өткізушімен кемінде екі жыл мерзімге элиталық тұқымның жоспарланған санын өндіру үшін ассортиментте және көлемде бірегей тұқымдардың (бірінші ұрпақ будандарын өндірушілер үшін гибридтердің ата-аналық нысандарын, өздігінен тозаңданған желілер мен гибридті таралымдарды жеткізу туралы) сорттарын жеткізу туралы шарттың болуы	өрескел
49.	Ауыл шаруашылығы өсімдіктері селекциясы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмысында тәжірибесі бар жеке немесе заңды тұлғамен элиталық тұқым өндірісін ғылыми сүйемелдеуге арналған шарттың болуы (ғылыми қызметті жүзеге асыратын элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына қолданылмайды)	елеулі
50.	Тұқым тазалайтын техниканы және тұқымды дәрілеуге арналған техниканы қоса алғанда, элиталық тұқымның жоспарланған көлемін өндіру жөніндегі жұмыстар кешенін қамтамасыз етуге арналған меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы ауыл шаруашылығы техникасының болуы	өрескел
51.	Тұқымдар партияларының араласуына жол бермей оларды орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырмандардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің),	өрескел

	арнайы ыдыстың, қатты жабыны бар жабық алаңдардың, жеміс, жидек, жаңғақ жемісті дақылдар мен жүзімге арналған көму алаңдарының болуы	
52.	Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сорты бойынша өндірілген, өткізілген және өз шаруашылығында пайдаланылған тұқымның саны мен сапасын, шыққан тегін есепке алуды жүргізу (себу, егістерді қабылдау және (немесе) байқаудан өткізу, тұқымды жинау, кіріске алу, тазалау және өңдеу, өткізу актілері, тұқымға арналған аттестаттар, тұқымдардың кондициялылығы туралы куәліктер, тұқымдарды есепке алу журналы (ол нөмірленуі, тігілуі және оған тиісті жергілікті атқарушы органның тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы қол қоюы тиіс)	өрескел
53.	Тұқым шаруашылығы бойынша есепке алу материалдарының кемінде үш жыл сақталуын ұйымдастыру	елеулі
54.	Жоспарланған жұмыс көлемін білікті түрде орындау үшін тиісті білімі бар (ортадан кейінгі немесе жоғары) штат кестесінде көзделген мамандар санының, оның ішінде кемінде бір агрономның болуы	елеулі
55.	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған элиталық тұқым шаруашылығы аумағында карантиндік объектілердің болмауы, бұл ретте элиталық тұқым шаруашылығы аумағында аттестаттау сәтіне дейін кемінде үш жыл кезеңінде де карантиндік объектілердің болмауы тиіс	өрескел
	Элиталық тұқым өндірісін жүргізу үшін егістік алаңның (суармалы	

56.	жерлерде – сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістіктің) болуы	елеулі
57.	Субсидияланған тұқымдарды мақсатты пайдалану (элиталық тұқымдарды немесе бірінші ұрпақ будандарын өндіру үшін)	өрескел
Тұқым өсіру шаруашылықтары		
58.	Тиісті жылдың егініне арналған ауыл шаруашылығы дақылдары егіс алаңдарының болжамдық құрылымы туралы мәліметтердің ұсынылуы	елеулі
59.	Тиісті жылдың егініне арналған ауыл шаруашылығы дақылдарының себілген тұқымдарының саны және сапасы туралы мәліметтердің ұсынылуы	елеулі
60.	Тиісті жылы егу үшін күздік, жаздық дәнді, дәндібұршақты, майлы, техникалық дақылдардың, біржылдық және көпжылдық шөптердің және картоптың тұқымдарына деген ауыл шаруашылығы құралымдарының қажеттілігі және олармен қамтамасыз етілуі туралы мәліметтердің ұсынылуы	елеулі
61.	Тиісті жылдың егініне құйылған ауыл шаруашылығы дақылдары тұқымдарының сұрыптық құрамы туралы мәліметтердің ұсынылуы	елеулі
62.	Тиісті жылдың егініне құйылған ауыл шаруашылығы дақылдары тұқымдарының репродукциялық құрамы туралы мәліметтердің ұсынылуы	елеулі
63.	Тұқымдарды өңдеу және сақтау ж ө н і н д е г і материалдық-техникалық базаның бар-жоғы туралы мәліметтердің ұсынылуы	елеулі
64.	Тұқым өндірушілердің өткен жылғы егін тұқымдарын өндіруі және күтілетін өткізуі туралы мәліметтерді ұсынуы	елеулі
65.	Аттестатталған тұқым шаруашылығы субъектілерінің өткен жылғы егін тұқымдарын пайдалануы туралы мәліметтерді ұсынуы	елеулі

66.	Ағымдағы жылы ауыл шаруашылығы дақылдарының сұрыптық егістерін байқаудан өткізу туралы мәліметтердің ұсынылуы	елеулі
67.	Өндірілген тұқымдардың саны мен сапасын есепке алу құжаттарының болуымен растау жолымен тұқым шаруашылығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесінің болуы (жаңғақ жемісті дақылдардың көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды)	болмашы
68.	Бірінші, екінші және үшінші репродукция тұқымдарын өндіруді жүргізу үшін егістік алаңының (суармалы жерлерде – сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістіктің) болуы (жаңғақ жемісті дақылдардың көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды)	елеулі
69.	Бірінші, екінші және үшінші репродукция тұқымдарын өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақтық-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес енгізілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің болуы (жеміс-жидек дақылдарының, жаңғақ жемісті дақылдардың мен жүзім көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды)	елеулі
70.	Жалпы егіс алаңының кемінде 15 пайызы тұқым шаруашылығы егістерінің болуы (жеміс-жидек дақылдарының, жаңғақ жемісті дақылдардың және жүзімнің көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды)	болмашы
71.	Тұқым шаруашылығы жүргізілетін өңдеп-өсірілетін дақылдардың саны 4-тен көп емес (жеміс-жидек дақылдарының, жаңғақ жемісті дақылдардың мен жүзім көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды)	елеулі
	Аттестаттау нысанасына сәйкес тұқым шаруашылығы жүргізілетін	

72.	әр дақыл бойынша сұрыптардың саны 5-тен көп емес (жүгеріні қоспағанда), жүгері бойынша 9-дан көп емес (жеміс-жидек дақылдарының, жаңғақ жемісті дақылдардың мен жүзім көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды)	елеулі
73.	Аттестаттауға өтініш берілген кезден бастап элиталық тұқым өсіру шаруашылығымен кемінде үш жыл мерзімге және (немесе) тұқым өткізушімен кемінде екі жыл мерзімге бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндіру үшін сұрыптардың элиталық тұқымдарын жеткізу туралы шарттың болуы	елеулі
74.	Ауыл шаруашылығы өсімдіктері селекциясы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмысында тәжірибесі бар жеке немесе заңды тұлғамен бірінші, екінші және үшінші репродукция тұқымы өндірісін ғылыми сүйемелдеуге арналған шарттың болуы (ғылыми қызметті жүзеге асыратын тұқым өсіру шаруашылықтарына қолданылмайды)	елеулі
75.	Нақты агроэкологиялық аймақ үшін ұсынылған ауыл шаруашылығы өсімдіктерін өңдеп-өсіру агротехнологиясын сақтау	елеулі
76.	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған тұқым шаруашылығы аумағында карантиндік объектілердің болмауы, бұл ретте тұқым шаруашылығы аумағында аттестаттау сәтіне дейін кемінде үш жыл кезеңінде де карантиндік объектілердің болмауы тиіс	өрескел
77.	Тиісті білімі (ортадан кейінгі немесе жоғары) бар кемінде бір агрономның болуы	елеулі

78.	Дақылдар мен сұрыптар бойынша сортты жаңарту жоспарының болуы	елеулі
79.	Сұрыптардың бірінші, екінші және үшінші репродукцияларының тұқымдарын өсіру схемаларының болуы (жаңғақ жемісті дақылдардың көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды)	елеулі
80.	Бастапқы тұқымдық материалдың бірінші, екінші және үшінші репродукция тұқымының жоспарланатын мөлшерін өндіруге арналған ассортиментте және көлемде болуы	елеулі
81.	Тұқым тазалайтын техниканы және тұқымды дәрілеуге арналған техниканы қоса алғанда, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдардың жоспарланатын көлемін өндіру жөніндегі барлық жұмыстар кешенін қамтамасыз етуге арналған меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы ауыл шаруашылығы техникасының болуы	өрескел
82.	Тұқымдар партияларының араласуына жол бермей оларды орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырмандардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, қатты жабыны бар жабық алаңдардың, жеміс, жидек, жаңғақ жемісті дақылдар мен жүзімге арналған көму алаңдарының болуы	өрескел
	Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сорты бойынша өндірілген, өткізілген және өз шаруашылығында пайдаланылған тұқымның саны мен сапасын, шыққан тегін есепке алуды жүргізу (себу, егістерді қабылдау	

83.	және (немесе) байқаудан өткізу, тұқымды жинау, кіріске алу, тазалау және өңдеу, өткізу актілері, тұқымға арналған аттестаттар, тұқымдардың кондициялылығы туралы куәліктер, тұқымдарды есепке алу журналы (ол нөмірленуі, тігілуі және оған тиісті жергілікті атқарушы органның тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы қол қоюы тиіс)	өрескел
84.	Тұқым шаруашылығы бойынша есепке алу материалдарының кемінде бір жыл сақталуын қамтамасыз ету	елеулі
85.	Субсидияланған тұқымдарды мақсатты пайдалану (бірінші репродукциялы тұқым өндіру үшін)	өрескел
Тұқым өткізушілер		
86.	Жоспарланған жұмыс көлемін білікті түрде орындау үшін тиісті білімі бар (ортадан кейінгі немесе жоғары) штат кестесінде көзделген мамандар санының, оның ішінде кемінде бір агрономның болуы	елеулі
87.	Кейіннен өткізу үшін ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымын жеткізу туралы тұқым өндірушілермен (тұқымды шетелдік жеткізушілерден сатып алған (импорт бойынша) жағдайда тұқым жеткізушілермен) жыл сайын жасалатын шарттың болуы	елеулі
88.	Тұқымдар партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырымдардың тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, асфальтталған жабық алаңдардың, жеміс, жидек	өрескел

	дақылдары мен жүзімге арналған көму алаңдарының болуы	
89.	Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын тазалау, сақтау және өткізу жөніндегі барлық жұмыстар кешенін қамтамасыз етуге арналған меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу не сенімгерлік басқару құқығындағы мамандандырылған техниканың болуы (тұқымдарды ыдысқа салынған (буып-түйілген) күйде өткізетін тұқым шаруашылығы субъектілеріне қолданылмайды)	өрескел
90.	Ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымының әр партиясы бойынша өткізілетін тұқымның саны мен сапасын, шыққан тегін есепке алуды, тұқымды құжаттандыруды, нөмірленген, тігілген және оған облыстың тиісті жергілікті атқарушы органының тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы қол қойған тұқымдарды есепке алу журналын жүргізу	өрескел
91.	Тұқымдарды сақтау және өткізу материалдарының кемінде екі жыл сақталуын қамтамасыз ету	елеулі
92.	Қазақстан Республикасының қорғалатын өсімдік сорттарының мемлекеттік тізіліміне енгізілген ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының тұқымдарын өткізу кезінде патент иеленуші (лицензиар) өткізушіге (лицензиатқа) селекциялық жетістікті уақытша пайдалану құқығын беретін лицензиялық шарттың болуы	елеулі
93.	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған карантиндік объектілердің болмауы.	өрескел
Тұқым сапасын сараптау жөніндегі зертханалар		

94.	Тиісті жылға ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша тұқымдардың себу сапасын растайтын зерттеулер мен берілген құжаттардың саны туралы мәліметтердің ұсынылуы	елеулі
95.	Орташа үлгілерді тіркеу журналын жүргізу	болмашы
96.	Тұқым сапасының журналын жүргізу	болмашы
97.	Тұқымның сапасы бойынша берілген құжаттарды тіркеу журналын жүргізу	болмашы
98.	Тұқымның сапасы туралы құжаттарды ресімдеу: тұқымның жай-күйі туралы анықтама немесе тұқымдық талдау нәтижесі, картоп тұқымы үшін - түйнек талдау актісі	елеулі
99.	Талдаудан алынған сынамалардың қалған бөліктерін облыс бойынша осы дақылды себу аяқталғаннан кейін бір ай ішінде сақтау (облыстық статистикалық есеп бойынша)	елеулі
Тұқым тұтынушылар (тұқымдарды өткізу құқығынсыз үй жанындағы, бау-бақша, саяжай және бақша учаскелерінде пайдалану үшін оларды өндірумен айналысатын жеке тұлғаларды қоспағанда)		
100.	Тиісті жылдың егініне арналған ауыл шаруашылығы дақылдары егіс алаңдарының болжамдық құрылымы туралы мәліметтердің ұсынылуы	елеулі
101.	Тиісті жылдың егініне арналған ауыл шаруашылығы дақылдарының себілген тұқымдарының саны және сапасы туралы мәліметтердің ұсынылуы	елеулі
102.	Тиісті жылы егу үшін күздік, жаздық дәнді, дәнді бұршақты, майлы, техникалық дақылдардың, біржылдық және көпжылдық шөптердің және картоптың тұқымдарына деген ауыл шаруашылығы құралымдарының қажеттілігі және олармен қамтамасыз етілуі туралы мәліметтердің ұсынылуы	елеулі
103.	Тиісті жылдың егініне құйылған ауыл шаруашылығы дақылдары тұқымдарының сорттық құрамы туралы мәліметтердің ұсынылуы	елеулі

104.	Тиісті жылдың егініне құйылған ауыл шаруашылығы дақылдары тұқымдарының репродукциялық құрамы туралы мәліметтердің ұсынылуы	елеулі
105.	Тұқымдарды өңдеу және сақтау жөнiндегi материалдық-техникалық базаның бар-жоғы туралы мәліметтердің ұсынылуы	елеулі
106.	Ағымдағы жылы ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттық егістерін байқаудан өткізу туралы мәліметтердің ұсынылуы	елеулі
107.	Карантиндік объектілермен залалданбаған ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын себу (отырғызу) үшін пайдалану	өрескел
108.	Егіс сапасына сараптамадан өткен ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын себу (отырғызу) үшін пайдалану	елеулі
109.	Гендік инженерия негізінде алынбаған (генетикалық түрлендірілген) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын себу (отырғызу) үшін пайдалану	өрескел
110.	Себу үшін тұқымның сорттық және егістік сапасын куәландыратын құжаттардың (байқаудан өткізу актісі, тұқым аттестаты, тұқым куәлігі, тұқымдардың кондициялығы туралы куәлік, тұқымдарға талдау жасау нәтижесі) болуы	елеулі
111.	Субсидияланған тұқымдарды мақсатты пайдалану (кейіннен репродукциялы тұқым өндіру үшін элиталық тұқымдар мен бірінші репродукциялы тұқымдар бойынша, ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін бірінші ұрпақ будандары, қызанақ, қияр және макта бойынша)	өрескел
Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттық егістерін байқаудан өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар		
	Агрономия, бау-бақша шаруашылығы, топырақтану және	

112.	агрохимия, өсімдіктерді қорғау және карантин мамандықтары бойынша жоғары немесе орта білімнен кейінгі білімнің болуы	өрескел
113.	Арнайы дайындық (байқаудан өткізушілер курстары) туралы құжаттың болуы	елеулі
